

Жазбаша сөйлеу ұғымына тең құқықты құраушы ретінде оқу және жазу кіреді. "Жазу графикалық элементтердің көмегімен ақпаратты қашықтықта беруге және оны уақыт ішінде бекітуге мүмкіндік беретін сөйлеуді бекітудің таңбалы жүйесі. Кез келген жазу жүйесі белгілердің тұрақты құрамымен сипатталады» [2; 3].

Баланың жазу дағдысын меңгеруі ол мектепте оқу барысындағы табысты іргетасы болып саналады. Жазуға үйрену – мектептегі ең күрделі тапсырмалардың бірі. Яғни ол балада фонематикалық қабылдауын, кеңістікті бағдарлауын, сөздік қоры мен графомоторлы дағдыларын жетілдіру шартымен ғана жүзеге асады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Лурия А. Р. *Очерки психофизиологии письма*. Москва. 2017 - 376.
2. *Русский язык: Энциклопедия Москва.2018 - С.205*
3. *Дефектология Республикалық ғылыми әдістемелік, педагогикалық - психологиялық журнал №7. 2015 8-10 б.*
4. Өмірбекова Қ. Қ., Тухышева А. С. *Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің жағдайы //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Арнайы педагогика» сериясы «Ұлағат» баспасы. №1. 2016 15-17 б.*
5. *Cynthia S. Puranik, Yaacov Petscher, Christopher J. Lonigan. (2013) Dimensionality and Reliability of Letter Writing in 3- to 5-Year-Old Preschool Children // Learn Individ Differ. December; 28: 133–141. doi:10.1016/j.lin-dif.2012.06.011. <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC4557880/>*
6. Корнев А. Н. *Нарушение чтения и письма у детей*. СПб.2015 – 93б.
7. Садовникова И. Н. *Нарушения письменной речи и их преодоление у младших школьников*. М.: Владос. 2018 - 256 с.

ҒТАМР 14.29.23

ӘОЖ 377

Жакипбекова С.С.¹, Аканбаева А.К.²

¹ғылыми жетекшісі, PhD, аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

²7M01902 – Арнайы педагогика: инклюзивті білім беру 2 – курс магистранты

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ЕСЕПТЕУГЕ ҮЙРЕТУ

Аңдатпа

Бұл мақалада психикалық дамуы тежелген оқушыларды есептеуге үйретуде қазақ халық ойындарын қолдану жайы сипатталды. Психикалық дамудың тежелуі ерекше білімді қажет ететін балалардың бір санатына кіре отырып, бүгінгі таңда педагогикалық – психологиялық қолдауды талап етеді.

Психикалық дамуы тежелген балалар – психикалық процесстердің даму қарқынының баяулауы арқылы сипатталатын ерекше білімді қажет ететін балалар тобы. Бұл балаларды зерттеу мәселесі педагогика және психология саласында еңбек ететін зерттеушілер үшін үнемі өзекті тақырып болып саналады. Психикалық дамуы тежелген балалардың қолданыстағы жіктемесін К.С. Лебединская құрастырып, ғылымға енгізді. Жіктемеге сәйкес психикалық дамуы тежелген балалар тобы төрт санатқа бөлінеді және әрбірінің психикалық процесстерінің даму механизмдері бірқатар ерекшеліктерден тұрады. Дегенмен, олардың барлығына ортақ бұзылыстар мен қиындықтар қатары да кездеседі.

Психикалық дамуы тежелген балалардың есептеу дағдысын зерттеген авторлар Баряева Л.Б., Зарин, А. В., Чумакова И.В. олардың есептеуі кезінде сандарды атауы және ретімен санауы қалыпты жағдайға жақын деп атап өткен. Алайда, олардың жұмыстарында сандармен арифметикалық амалдар жасап есептеу жұмысының қиындықтарын да сипаттайды. Сондықтан, есептеуді дамыту жұмысының қажеттілігі туындайды. Есептеу дағдыларын дамыту әдісінің бірі ретінде қазақ халық ойындарын

карастыра аламыз. Қазақ халық ойындарының зерттелу жайының төмендігі мен әдістемелердің аздығы тақырыпты тереңірек зерттеуге себеп болып отыр.

Жоғарыда аталған ақпараттар мен фактілерді саралай келе, психикалық дамуы тежелген балалардың есептеу дағдысын дамыту тақырыбының өзектілігін негіздей аламыз.

Кілттік сөздер: психикалық дамуы тежелген бала, есептеу дағдысы, математикалық дағдылар, қазақ халық ойындары.

Жакипбекова С.С.¹, Аканбаева А.К.²

¹научный руководитель, PhD, старший преподаватель

Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

²7M01902 – Магистрант 2 курса специальности Специальная педагогика:

инклюзивное образование

Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

Алматы, Казахстан

ОБУЧЕНИЕ ПОДСЧЕТАМ УЧАЩИХСЯ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ С ПОМОЩЬЮ КАЗАХСКИХ НАРОДНЫХ ИГР

Аннотация

В данной статье описано использование казахских народных игр в обучении вычислению учащихся с задержкой психического развития. Задержка психического развития, попадая в одну категорию детей, нуждающихся в особых знаниях, сегодня требует педагогической и психологической поддержки.

Дети с задержкой психического развития представляют собой группу детей, нуждающихся в особых знаниях, характеризующихся замедлением темпов развития психических процессов. Проблема изучения этих детей неизменно считается актуальной темой для исследователей, работающих в области педагогики и психологии. Актуальную классификацию детей с задержкой психического развития разработала и внедрила в науку К. С. Лебединская. По классификации группа детей с задержкой психического развития делится на четыре категории и механизмы развития психических процессов каждого из них состоят из ряда особенностей. Однако существует также ряд расстройств и проблем, общих для всех.

Авторы Баряева Л.Б., Зарин, А.В., Чумакова И.В., изучавшие вычислительные навыки детей с задержкой психического развития, отмечали, что при их вычислении название и порядковый подсчет чисел близки к норме. Однако в их работах также описываются сложности вычислительной работы с арифметическими операциями с числами. Поэтому возникает необходимость в работе по развитию вычислительной техники. Одним из методов развития вычислительных навыков можно считать казахские народные игры. Низкая изученность казахских народных игр и недостаточная методология являются поводом для более глубокого изучения темы.

Дифференцируя вышеназванную информацию и факты, можно обосновать актуальность темы развития вычислительных навыков у детей с задержкой психического развития.

Ключевые слова: ребенок с задержкой психического развития, вычислительные навыки, математические навыки, казахские народные игры.

Zhakyrbekova S.S.¹, Akanbayeva A.K.²

¹ supervisor, PhD, senior lecturer

Kazakh National Pedagogical University named after Abai

²7M01902 – Master's student of the 2nd year of the specialty Training of specialists in special pedagogy

Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Almaty, Kazakhstan

TEACHING CALCULATIONS TO STUDENTS WITH MENTAL RETARDATION WITH THE HELP OF KAZAKH FOLK GAMES

Annotation

This article describes the use of Kazakh folk games in teaching computing to students with mental retardation. Mental retardation, falling into one category of children in need of special knowledge, today requires pedagogical and psychological support.

Children with mental retardation are a group of children in need of special knowledge, characterized by a slowdown in the development of mental processes. The problem of studying these children is invariably considered an urgent topic for researchers working in the field of pedagogy and psychology. The existing classification of children with mental retardation was developed and introduced into science by K.S. Lebedinskaya. According to the classification, the group of children with mental retardation is divided into four categories and the mechanisms of development of mental processes of each of them consist of a number of features. However, there are also a number of disorders and problems common to all.

The authors Baryaeva L.B., Zarin, A.V., Chumakova I.V., who studied the computational skills of children with mental retardation, noted that when calculating them, the name and ordinal counting of numbers are close to normal. However, their works also describe the complexities of computational work with arithmetic operations with numbers. Therefore, there is a need to work on the development of computer technology. Kazakh folk games can be considered one of the methods of developing computational skills. The low level of knowledge of Kazakh folk games and insufficient methodology are the reason for a deeper study of the topic.

Differentiating the above information and facts, it is possible to justify the relevance of the topic of the development of computational skills in children with mental retardation.

Keywords: child with mental retardation, computational skills, mathematical skills, Kazakh folk games.

Кіріспе. Есептеу – математикалық амалдардың бірі. Есептеу белгілі бір арифметикалық амалдарды орындау арқылы нақты нәтижені алуға арналған дағды болып табылады. Есептеу дағдыларын меңгеру белгілі бір пәндер үшін ғана емес, сонымен қатар, күнделікті өмірде қолдану мүмкіндігіне байланысты да маңызды болып табылады. Себебі, әлеуметтік қатынастар процесінде адамдар есептеуге деген қажеттілікпен күн сайын кездеседі. Мәселен, дүкенде есептесу, қажетті заттарды сатып алу, қоғамдық көлікке ақы төлеу және т.б. Демек, есептеу тек қана білім беру саласындағы ғана емес, сондай – ақ, әлеуметтік – тұрмыстық өмірде қолданыс аясы кең дағды ретінде қарастырылады [1].

Есептеу дағдысының балалардың мектеп жасына дейінгі кезеңінде алғышарттары құрыла бастайды. Атап айтқанда, кіші мектепке дейінгі жастағы балалар есептік санауды игере бастайды. Әдетте 3 жастағы бала онға дейін еркін санай алады. Кейіннен бұл дағдылар дами отырып, үлкен мектепке дейінгі жаста балалар қарапайым қосу амалын орындай алады. Ал, мектепте оқу басталғаннан кейін балалар математика сабағында есептеуге үйреніп, жыл сайын бұл машықтарын жақсартып отырады. Бірақ, есептеу дағдысын меңгеру ерекше білімді қажет ететін балалар үшін қиынға соғады. Соның ішінде, психикалық дамуы тежелген балалар тобы есептеу дағдыларын меңгеруде бірқатар қиындықтарға тап болады. Сол себепті, бұл тақырыпты зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Талқылау. Ғылыми әдебиеттерді талдау. Психикалық дамудың тежелуі – зияткерлік жеткіліксіздікпен, тұлғалық даму қиындықтарымен және танымдық саланың дөрекі емес бұзылыстарымен сипатталатын бұзылыс түрі. Психикалық дамудың тежелуі жағдайында психикалық функциялар толығымен артта қалады немесе оның белгілі бір бөлігінің (моторлық, сөйлеу, эмоционалды, ерік – жігер) дамуында қиындықтар туындайды. Яғни, бұзылыстың анықтамасына мән беретін болсақ, бұл бұзылыстың клиникалық формада емес екендігін, керісінше, дамудың баяу қарқыны екендігін көруге болады. Бұл дегеніміз, түзету жұмыстарының сауатты және тұрақты жүргізілуі есебінен балалардың даму қарқынының айтарлықтай жақсартуға болады дегенді білдіреді [2].

Психикалық дамуы тежелген балалардың меңгеруде қиындықтары бар дағдыларының бірі есептеу дағдысы болып саналады. Есептеу механизмі психикалық процесстердің қарқынды және үйлесімді жұмысын талап ететіндіктен – балалар әдетте есептеу барысында қателер жібереді және өз бетінше түзете алмайды.

Н.П. Локалова психикалық дамуы тежелген балалардың есептеу дағдысының қалыптасуы мен дамуындағы қиындықтарды атап өтіп, оған себеп болатын бірнеше себептер қатарын келтіреді. Олар:

- ойлау әрекетінің төмен деңгейі;
- мектепке дайындық шараларының жүргізілмеуі немесе олардың тиімсіздігі;
- балалардың зейін тапшылығы мен есте сақтауының қиындықтары;
- есептеу дағдысын практикалық қолдану мүмкіндігінің болмауы [3].

Варенова Т.В., Власова Т. А., Гонеева А.Д., Кумарина Г.Ф., Менчинская Н. А. сияқты көптеген педагогтар мен психологтар бастауыш сынып оқушыларының, сондай – ақ, психикалық дамуы тежелген балалардың мектепте есептеу дағдыларын ғылыми әзірлеумен айналысты [4,5,6,7].

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде оқушылардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін арттыратын түзету – педагогикалық әсер етудің арнайы технологиялары, олардың психофизикалық және эмоционалды – ерікті даму ерекшеліктерін ескере отырып, ПДТ бастауыш сынып оқушыларына математиканы оқытуды ұйымдастырудың мазмұны, әдістері, әдістері, формалары жасалды.

Авторлардың жұмыстарында психикалық дамуы тежелген балалардың есептеу дағдысын меңгерудегі бірқатары қиындықтары мен оларды түзету жолдары келтіріледі. Жоғарыда атап өткен себептерден бөлек, ПДТ балалардың есептеу дағдысын сәтті меңгере алмауының себебі ретінде олардағы талдау мен жинақтау дағдысының қалыптаспауы, тапсырмаға зейін қоя алмау, есептеу барысында «қосу», «азайту» және «көбейту» және «бөлу» сынды түсініктерді өзара саралау алмауды да жатқызады.

Л.Н. Скаткина пікірінше балалардың есептеу дағдысын игере алмауына механикалық және ұзақ мерзімді есте сақтаудың төмендігі, зияткерлік дағдылардың жас нормасынан төмен болуы, оқу салтының қалыптаспауы мен өзге де психологиялық мәселелер себеп болады деп көрсетеді [8].

Психикалық дамуы тежелген балалардың есептеу дағдыларының қалыптасуын сыныптар бойынша айтар болсақ, әрбір сыныпта өзіне тән қиындықтары айқындалады. Жалпы білім беретін мектепте оқитын психикалық дамуы тежелген бала бірінші ондықтың сандарымен қосу және азайту амалын сәтті жүргізе алады. Мұның өзіндік себептері бар. Өйткені, алғашқы ондықтың сандарын балалардың өмірлік тәжірибесіне сіңіру үнемі жүргізіліп отырады. Нақтылай айтар болсақ, балалардың айналасындағы жандар үнемі оларға алғашқы ондық сандарын қамтитын есептер айтады (1 + 1, 2+2). Бірақ, бұл балалар контингентінің ішінде есептеу операцияларын мүлдем меңгере алмайтын балалар да кездеседі. Бұл қиындықтар сандарды есептеу операцияларында қолдану аясының болмауы мен есептеу жолын игермеуіне байланысты орын алады.

Екінші сыныптан бастап балалардың оқу бағдарламасында алғашқы жүздік көлемінде арифметикалық амалдарды орындау есептері басталады. Психикалық дамуы тежелген балалардың есептеу барысындағы қателіктер айқын көріне бастайды. Атап айтқанда, балалар жүздіктер мен ондықтарды жиі шатастырады. Сәйкесінше, есептеу нәтижелері қате болып, арифметикалық амалдарды жүргізу қиындықтары өрби түседі.

Балалардың есептеуді меңгеру ерекшеліктеріне назар аударып отырып, оны дамыту жұмысының қажеттілігін байқауға болады. Бүгінгі таңда педагогикалық әдістердің ішінде ең тиімдісі және ерекше білімді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктеріне қарай бейімдеу мүмкіндігі жоғарысы ойындар болып табылады. Ойындардың жіктелуіне сай олардың бір түрі халық ойындары болып табылады. Халық ойындары ертеден келе жатқан ойындардың жиынтығы болғанымен, дамыту әдісі ретінде қолдану мәселесі инновациялық болып есептеледі. Себебі, халық ойындарының дамыту жұмыстарында қолданыс ерекшелігі әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Дегенмен, қазақ халық ойындарын ерекше балаларды дамыту жұмысында қолдану мәселелері Отандық авторлар Өмірбекова Қ.Қ мен Оразаева Г.С. жұмысында қарастырылады [9].

Қазақ халық ойындары – халықтың дәстүрі мен тұрмыс – салтының ерекшелігін сипаттайтын ойындар кешені. Қазақ халық ойындары тек қана ойнауға, сауыққа ғана емес, сонымен қатар, тәрбиенің де тұнып тұрған көзі.

Қазақ халық ойындарын математикалық дағдыларды да дамыту жұмысында қолдану мүмкіндігі зор. Себебі, қазақ халық ойындарының ішінде есептеуге бағытталған ойындар кездеседі. Мәселен, халық ойыны «Санамак» балалардың сандарды ретімен санай алуын, есептерді шығаруын және сан мен есепті үйлестіруді дамытады. Ал, «Тоғызқұмалақ» ойынын модификациялау арқылы есептеу дағдысын сәтті қалыптастыруға болады [10].

Зерттеу әдістері және материалдары. Психикалық дамуы тежелген балалардың есептеу дағдысын қазақ халық ойындары арқылы дамыту жұмысы бойынша тәжірибелік – эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңінде балаларға бірнеше тапсырма түрі ұсынылды. Зерттеу жұмысына психикалық дамуы тежелген 30 оқушы қатысты; оның ішінде бақылау тобы-15 оқушы, эксперименттік тобы-15 оқушы. Оқушылар жалпы білім беретін «Жамбыл ауылындағы №2 орта мектебінің» жалпы сыныбында білім алады.

Тапсырмалар балалардың жасына және даму ерекшеліктеріне негізделіп, құрылды. Ұсынылған тапсырмалар:


1. «Математикалық диктант» әдісі;
2. «Ауызша есепте» әдісі;
3. «Жауабын жылдам жаз» әдісі [11].

Зерттеу нәтижелері. Психикалық дамуы тежелген балалардың есептеу дағдысының қалыптасу деңгейін анықтау үшін алдымен «Математикалық диктант» әдісі тексеруден өткізілді. Қолданылатын әдістер аясы баяғыдан келе жатқан әдістер жиынтығынан алынды. Өйткені, психикалық дамуы тежелген балаларды оқуға, есептеуге үйрету барысында оқушыларға жаңашылдықтан бұрын, тексерілген әдістемені қолдану тиімдірек болады. Мұнда балаларға арифметикалық және логикалық негіздегі 10 тапсырма ұсынылды. 2019 ж, В.А. Голубьтың математикалық диктант жинағынан алынды. Зерттеуге қатысушы балалардың тапсырманы орындау сапасына келер болсақ, барлық тапсырманы ешбір оқушы сәтті орындай алмады. Пайыздық көрсеткіштерге сай, 0 % жоғары, 12 оқушы-40 % орташа және 18 оқушы-60 % төмен нәтижелер алынды. Тапсырманы орындау кезінде балалардың есептеу дағдысының арифметикалық негіздегі есептерді логикалық есептерге қарағанда жақсырақ игергенін байқадық. Бұл психикалық дамуы тежелген балалардың психикалық процесстерінің төмен деңгейде дамуымен түсіндіріледі. Сондай – ақ, балаларға тапсырманы беру кезінде тек қана сан емес, сонымен бірге сөздер кездесетін есептерді жиі қателіктер жіберетіндері көрінді.

«Ауызша есепте» әдісін зерттеу тобында сынақтан өткізу барысында оқушылардың нәтижелері бірінші әдіспен шамалас деңгейде болды. Ауызша есептеу тапсырмасын ұсыну барысында психикалық дамуы тежелген балалардың бұл дағдыны өте төмен деңгейде игергендігі көрінді. Себебі, ауызша есептер ешқандай көрнекі құралдарсыз ауызша ұсынылатындықтан, балалар тапсырманы бірден есте сақтай алмайды және есеп құрамын шатастырады. Сол себепті, балалардың басым бөлігі төмен деңгейге сай жауап берді. Нақтырақ айтсақ, 16 бала-53 % оқушыда төмен нәтиже, 14 бала-47 % оқушыда орташа нәтиже көрінді.

Келесі тапсырма түрі белгілі уақыт ішінде есептеу жылдамдығына негізделді. Американдық педагог-математик Д.Пойаның әдістемесі бойынша: оқушыларға 10 минут ішінде шығаруға 8 есеп берілді. Есептер азайту, қосу, көбейту мен бөлу мазмұнында болды. Оқушылардың тапсырманы орындауы барысындағы нәтижелеріне келетін болсақ, оқушылар 10 минут ішінде өте аз есеп көлемін шешіп үлгерді және жауаптары дұрыс болмады. Сандық көрсеткіштер бойынша нақты айтсақ, 20 бала-63 % оқушыда төмен және 10 бала-37 % оқушыда орташа нәтижелер байқалды.

Есептеу дағдысының деңгейін анықтаушы эксперимент арқылы анықтау нәтижелері:



Сурет 1 – Анықтаушы эксперимент нәтижелері

Зерттеу жұмысының аясында психикалық дамуы тежелген балалардың есептеулерінің қалыптасуының ағымдағы жағдайы белгілі болды. Жоғарыда сипаттап жазғанымыздай, ПДТ балалардың есептеу барысы жас нормасына сай емес және түзету жұмысын талап етеді.

Сондықтан, зерттеуге қатысушыларды есептеуге үйрету қазақ халық ойындары арқылы ұйымдастырылды. Ең алдымен ойындарды түзету процесіне енгізу жайына келетін болсақ, халық

ойындары түзету жұмысының фрагменті ретінде қосылды. Ойындардың басым бөлігі тек қана сөздік қана емес, сонымен қатар, қимыл – қозғалысқа да негізделген болғандықтан оларды партада өткізілген әдістерден кейін ұсынуға болады. Бұл балалардың психикалық және физикалық балансты сақтай отырып, дамыту жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Есептеуге үйрету кезінде «Теңге ілу», «Санамак», «Жаяу көкпар», «Белбеу» сынды ойындар қатары қолданылды. Ойындар балалардың оқу бағдарламасына сай сабақтар тақырыбына ҚМЖ әзірленіп, мазмұнына осы ойындар қатары толықтырылды.

І кестеде ерекше білім беру қажеттілігі бар психикалық дамуы тежелген оқушылардың есептеу дағдыларын анықтайтын тапырмалардың пайыздық көрсеткіштері көрсетілген.

І кесте. Ерекше білім беру қажеттілігі бар психикалық дамуы тежелген оқушылардың есептеу дағдыларын анықтауға арналған тапсырмаларды орындау деңгейлері

Психикалық дамуы тежелген оқушылардың есептеу дағдысын тексеруге арналған тапсырмалар	Жоғары деңгей		Орташа деңгей		Төмен деңгей	
	Б.Т	Э.Т	Б.Т	Э.Т	Б.Т	Э.Т
«Математикалық диктант»	-	-	6	6	9	9
«Ауызша есепте»	-	-	7	7	8	8
«Жауабын жылдам жаз»-	-	-	5	5	10	10

Нәтижелер және оларды талқылау. Психикалық дамуы тежелген оқушыларды есептеуге үйрету тек қана дәстүрлі әдістер ғана емес, онымен қоса, дәстүрлі емес, инновациялық әдістер арқылы да тиімді ұйымдастырылады. Есептеуге үйрету кезінде қазақ халық ойындарын қолдану барысында оқушыларда бірқатар қиындықтар туындағанын да атап өту қажет. Ең алдымен, балалар ойын мазмұнын бірден түсінбейді. Ойындарды тұрмыстық деңгейде жиі қолданбайтындықтан, ойын барысы мен ережесі балаларға мүлдем таңсық болып, дайындық жұмысына біраз уақыт кетті. Дайындық жұмыстарынан кейін ойындардың әрбірінің техникалық қамсыздандыруын әзірлеу да маңызды кезең болып саналады. Ойындарды ойнау кезінде үнемі педагогтың көмегі және нұсқаулары қажет болды. Дегенмен, есептеуге үйренудегі қазақ халық ойындарының оңды ықпалына да тоқталып өтуіміз қажет. Балалар тәжірибелік жұмысқа дейін есептеу амалдарын өзара алмастыратын болса, тәжірибеден кейін әрбір амалды саралауға үйренді. Бұған «Теңге ілу», «Санамак», «Жаяу көкпар» ойындары ықпал етті. Сондай – ақ, тәжірибе барысында балалардың ойынға деген қызығушылығы артып, нәтижелердің сәтті болуына жағдай туындады. Балалар есептеу барысындағы шеберлікке үйреніп, ауызша есептеу дағдысы да қалыптаса бастады.

Қорытынды. Зерттеу жұмысының теориялық аспектілері мен жүргізілген тәжірибелік жұмысты есепке ала отырып, қазақ халық ойындарын психикалық дамуы тежелген балаларды есептеуге үйретуде тиімді қолдануға болатын әдіс деп айта аламыз. Себебі, қазақ халық ойындары баланың жалпы және ұсақ моторикасын дамытуға, шапшаңдыққа, санауға үйретеді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

[1] Мельникова Н. Развитие вычислительной культуры учащихся // *Математика в школе.* - 2001.- №18.- С. 9-14.

[2] *Диагностика и коррекция задержки психического развития у детей: пособие для учителя и специалистов коррекционно-развивающего обучения / С. Г. Шевченко и др.; под ред. С. Г. Шевченко. - Москва : АРКТИ, 2001. - 224 с. : ил. - Библиогр.: С. 221-223.*

[3] Локалова Н.П. Как помочь слабоуспевающему школьнику. – М.: «Ось-89», 2005.- С.34-39

[4] Варенова Т. В. Коррекция развития детей с особыми образовательными потребностями: учебно-метод. пособие / Т. В. Варенова. – М.: Форум, 2012. – 272 с.

[5] Власова Т.А. Сформированность приёмов умственной деятельности // *Молодой учитель* – 2012 — №8 – С. 250.

[6] Гонеев А. Д. Основы коррекционной педагогики: учеб. пособие / А. Д. Гонеев, Н. И. Лифинцева, Н. В. Ялтаева; под ред. В. А. Сластенина. – 6-е изд., стер. – М.: Академия, 2010. – 272 с.